

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL

ISSN 2224-5308

Volume 3, Number 309 (2015), 114 – 120

TO A QUESTION OF FORMATION OF A FISH FAUNA  
OF ALAKOLSKY SYSTEM OF LAKES

A. M. Yelshibekova, E. K. Danko, D. K. Zharkenov

LRA «Kazakh scientific research institute fish economy», Almaty, Kazakhstan.

E-mail: elshibekova\_ainur@mail.ru

**Keywords:** native, fish fauna, acclimatization, population, trade.

**Abstract.** Alakollake system is the middlelink in the system of lakes in the Balkhash-Alakol depression. This system begins from Balkhash lake in the west and ends at Ebi-Nur lake in the territory of the People's Republic of China in the east. In Alakol lake system highlights three major lakes - Sasykkol, Koshkarkol and Alakol. The first study of the system date back to the mid-eighteenth century. As a result, it was found that the composition of fish fauna of Alakollakes system found 9 native fish species. In particular, there are all native species, typical for the Ile-Balkash basin, except one - scaly osman. Until the 30's of the last century the only fish species in fish fauna Alakollakes system were balkhash marinka (*Schizothorax argentatus*) and balkhash perch (*Perca schrenki*). But the catch scale of these species in those days were insignificant. Fishery value of the system has increased dramatically after a successful acclimatization of carp in 1932-33yy. In the article we present the results of studying the effects of acclimatization in the aboriginal fish fauna, as well as the estimation of the effect of intensive fishing on the environment and on the qualitative composition of the fish fauna of Alakollakes system.

ӘОЖ 597

АЛАКОЛ КӨЛДЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИХТИОФАУНАНЫң  
ҚАЛЫПТАСУЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

A. M. Елшибекова, Е. К. Данько, Д. К. Жаркенов

ЖСШ «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми зерттеу институты», Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** абориген, іхтиофауна, жерсіндіру, популяция, кәсіптік аулау.

**Аннотация.** Макалада Алакөл көлдер жүйесіндегі жүргізілген жерсіндіру жұмыстары мен қарқынды кәсіптік аулаудың нәтижесіндегі балықтардың мекендеу ортасының өзгерісі мен іхтиофауналық құрамының сипаты туралы мәліметтер көлтірілген.

Алакөл көлдер жүйесі Балқаш-Алакөл ойысындағы көлдер тізбегінің орта буыны болып табылады. Ол тізбек Балқаш көлінен басталып, Қытай Халық Республикасындағы Ебі-Нұрмен аяқталады [1]. Алакөл көлдер жүйесінде ірі үш айдан – Сасықкөл, Қошқаркөл және Алакөл.

Осы жүйедегі ең ірі көл – Алакөл, су беті ауданы  $2650 \text{ km}^2$ , ұзындығы 104 км, ең терен жері 54 м, орташа терендігі 22,1 м және теңіз деңгейінен 347,3 м биіктікте орналасқан. Алакөл ағынсыз көл, алмұрт пішіндес, солтүстік-батыстан онтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Алакөл көліне 15-тен аса өзендер құйылады, олардың ішіндегі негізгі 6 өзен: солтүстік және солтүстік-шығысқында – Үржар өзені (көлдегі су мөлшерінін 50 % құрайды), Қатынсу (8,8 %), траншекаралық өзен Еміл (27,4 %), онтүстік және онтүстік-шығыста – Жаманөткел (5 %), Ыргайты және Жаманты (8,8 %). Көлдің ортасында, солтүстік-шығыс жағалауына жақындау үш арал орналасқан. Ең ірісі Улкен Араптөбе, солтүстік-батыстан онтүстік шығысқа созылып жатыр. Ұзындығы 8 км, ең үлкен ені – 5,7 км, ауданы –  $26,5 \text{ km}^2$ , биіктігі су бетінен – 88,4 м. Ал ең кіші аралдың ұзындығы – 1,5 км, ең үлкен ені 0,5 км, ауданы  $0,7 \text{ km}^2$ , батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Кіші Араптөбе аралы онтүстігінде орналасқан, солтүстіктен онтүстікке және онтүстік-шығысқа қарай созылған. Оның ұзындығы – 3,2 км, ең үлкен ені – 1,1 км, ауданы – 2 км, биіктігі су деңгейінен – 148,2 м [1].

Жүйедегі көлемі жағынан екінші орынды иеленетін Сасықкөл көлі, оның ауданы 736 км<sup>2</sup>, ұзындығы – 49,6 км, ені – 19,8 км, ең жоғарғы тереңдігі 4,7 м. және орташа тереңдігі 3,3 м. Сасықкөл көлі ағысты көл, батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Сасықкөл көліне үш өзен келіп құйды: онтүстік-шығыста – Тентек өзені, солтүстікте – Қарақол өзені, батыста – Ай өзені. Ең ірі өзен Тентек және Сасықкөлдегі бұкіл су көлемінің 40 % құрайды.

Қошқаркөл көлі Сасықкөл мен Алакөл көлдерінің ортасында орналасқан. Көлдің ауданы 120 км<sup>2</sup>, ұзындығы – 18,3 км, ені – 9,6 км, ең жоғарғы тереңдігі 5,2 м, орташасы 4,1 м. Ағысты көл, эллипс тәрізді формалы, солтүстіктен онтүстікке қарай созылып жатыр. Қошқаркөлге құйылатын ағыстар жоқ, негізінен су Сасықкөл арқылы қамтамассыз етіледі [1].

Алакөл көлдер жүйесі, Қазақстандағы кәсіптік су айдындары ішінде, ихтиофауна құрамы ұзақ уақыт бойы зерттелмеген су алабтарының қатарынан еді. Іс жүзінде 2001 ж. ғана бассейндегі толық ихтиофауналық құрамы және де балық түрлерінің жүйедегі таралуы анықталды.

Зерттеушілердің Алакөл көлдер жүйесіне алғашқы қадамдары XVIII ғ. ортасынан басталды. Бірақ, бұл жүйедегі көлдерде мекен ететін балықтар құрамына аз назар аударылды, өйткені ол кезеңдерде көптеген ғалымдар жалпы Балқаш-Алакөл бассейндері ихтиофауна құрамына назар аударып, ал жеке Алакөл көлдер жүйесіне көніл бөлмеді. 1948–1949 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде, Балқаш көлінде мекендейтін аборигенді 12 түрдің тек 5 түрі ғана Алакөл көлдер жүйесінде тіршілік ететіне белгілі болды (1-кесте) [2-4].

1-кесте – Балқаш көлі және Алакөл көлдер жүйесіндегі аборигенді ихтиофауна құрамы

№	Түрлер	Балқаш көлі	Алакөл көлдер жүйесі
1	<i>Schizothorax argentatus</i> - Балқаш қара-балығы	+	+
2	<i>Schizothorax pseudaksaiensis</i> - Қекбас	+	-
3	<i>Diptychus dybowskii</i> - Қабыршақсыз қекбас	+	+
4	<i>Diptychus maculatus</i> - Қабыршақты қекбас	+	-
5	<i>Phoxinus phoxinus</i> - Қәдімгі голъян	+	-
6	<i>Phoxinus poljakiwi</i> - Балқаш голъяны	+	-
7	<i>Phoxinus brachyurus</i> - Жетісу голъяны	+	-
8	<i>Diplophysa labiatus</i> - Біртүсті талма-балық	+	+
9	<i>Diplophysa strauchi</i> - Тенбіл талма-балық	+	+
10	<i>Diplophysa dorsalis</i> - Сұр талма-балық	+	-
11	<i>Nemachilus stoliczkai</i> - Тибет-талма балығы	+	-
12	<i>Perca schrenki</i> - Балқаш алабұғасы	+	+

1954 ж. Алакөл көлдер жүйесіндегі зерттеу барысында ҚазКСР FA зоология институтының экспедиция уақытында балқаш голъяны мен Северцов талма-балығы тіркелді [5].

1961 ж. Н. П. Серов Алакөл аймағындағы аборигенді 8 түрдің тізбегін көлтіреді, алғашқы рет тибет талма-балығын енгізіп, және Северцов талма-балығының кездесетінін тағы да дәлелдеді. Екі түр де Тентек өзенімен Үржар өзенінде ағысы Құсақ өзенінен табылды [6].

70 жылдардың басында Алакөл жүйесіндегі аборигенді балықтардың тізімі 10 түрді құрады [7]. 1974 ж. А. С. Стрельников Алакөл су алабтарындағы қабыршақты қекбас балығы мен балқаш голъянының бар екендігіне күмән көлтіреді.

1993 жылдан 2000 жылға дейінгі аралықтағы жүргізілген зерттеулер барысында 8 аборигендік түрлік құрамы анықталды. 2002-2003 жылдары бұл тізімге Тентек пен Үржар өзендерінің орта ағысында, Үргайты мен Қатынсу өзенінің жоғарғы ағысында, және Қошқаркөл көлінде кездескен Северцов талма-балығы қосылды [8, 9].

Жоғарыда көлтірліген мәліметтерді және балық систематикасындағы қазіргі заман талабына сай өзгерісін ескере отырып, Алакөл көлдер жүйесінің ихтиофаунасына 9 аборигендік түр көрсетіні анықталды. Мұнда Балқаш-Іле су алабтарындағы барлық аборигенді түрлердің енетіні анықталды, қабыршақты қекбас балығынан басқасы (2-кесте).

Қазақстандағы ірі көлдер жүйесінің, Алакөл көлдер жүйесінің ихтиофаунасындағы түрлік құрамының кедейлілігі, ихтиофаунаны бағалы кәсіптік түрлермен «байыту» көзқарасы қалыптасты. Алакөл көлдер жүйесінде су алабтарындағы жерсіндіру жұмыстарының жарты ғасырлық тарихы бар, ол 1930-шы жылдары сазанды жерсіндіру жұмыстарымен басталды.

## 2-кесте – Алакөл көлдер жүйесіндегі аборигенді іхтиофаунаның тізімі

№	Латынша	Орысша	Қазақша
1	<i>Phoxinus phoxinus</i>	Гольян обыкновенный	Кәдімгі голъян
2	<i>Schizothorax argentatus</i>	Маринка балханская	Балқаш қара-балығы
3	<i>Diptichus dybowskii</i>	Осман голый	Қабыршақсыз көкбас
4	<i>Triplophysa strauchii</i>	Губач пятнистый	Тенбіл талма-балық
5	<i>Triplophysa stoliczkai</i>	Голец тибетский	Тибет талма-балығы
6	<i>Triplophysa dorsalis</i>	Голец серый	Сұр талма-балық
7	<i>Barbatula labiata</i>	Губач одноцветный	Біртүсті талма-балық
8	<i>Noemacheilus sewerzowi</i>	Голец Северцова	Северцов талма-балығы
9	<i>Perca schrenki</i>	Окунь балханский	Балқаш алабұғасы

Өткен ғасырдың 30-шы жылдарына дейін Алакөл көлдер жүйесінің іхтиофаунасында балқаш қара-балығы мен балқаш алабұғасының ғана кәсіптік маңызы бар еді. Бірақ бұл балық түрлерін кәсіптік игеру ол кезде әлдекайда әлсіз болған. Алакөл көлдер жүйесінің балық шаруашылық маңыздылығы 1932–1933 жж. сазанды сәтті жерсіндіруімен байланысты көтерілді. Жерсіндірлген сазанның саны қарқынмен өсті. Оның аулануы 1939 ж. 19 тоннадан 1944 ж. 574 тоннага дейін көтерілді. 1960 ж. ортасында сазанның аулануы шарықтау шегіне жетіп – 3,8 мың тоннаны құрады. Одан ары қарай кәсіпте дұрыс пайдаланбаудың салдарынан және қордың сарқылуынан, оның саны біртіндеп төмендей бастады, және қазіргі таңға дейін өз шегіне жетіп, түрді сақтау шараларына байланысты, аулауға түгелдей шектеу қоюды қажет етіп отыр [10, 14].

1951 ж. Жайық өзенінен экелініп, Тентек өзеніне сүйрікті (*Acipenser ruthenus*) жерсіндірліді. Бірақ, Алакөл жүйесіндегі бұл түрдің жайлы жерсініп кетуіне жағдай болмады. Сүйріктің биологиясы бойынша тұщы сулы, ең ірі өзендерде – Еділ, Жайық, Ертісте тіршілік етеді. Уылдырығын тасты, құмды субстраттарда 3-8 м терендікте шашады. Жүйедегі Сасықкөлге құйылатын ең ірі өзен Тентек қана, мұндай сипатта оның тек қана төмен ағысында азғана ауданы сәйкес келеді. Сонымен қатар, ең төменгі сағалық бөлігі қалың қамыспен өсіп кеткен. Өрістеуге және уылдырық шашуға жеткілікті аудан таптай, сүйріктің ересек, яғни өндіруші топтарының саны жойылып кетті [11].

1953 ж. Алакөл көлдер жүйесіне онғақ (*Tinca tinca*) балығы енді. Бұл балықтың жерсінуіне бір қарғанда барлық жағдай бар сияқты еді. Бірақ, онғақ балығы табиғи ареалында, Нұра өзенінің оңтүстік аумағында кездеспейді, Алакөл көлдеріндегі жаздағы жоғарғы температурасы оның жерсінуіне мүмкіндік бермеді [5].

Алакөл көлдер жүйесіндегі 60-шы жылдары сәтті жерсіндірлген құнды, тағы да бір түр – қоксерке (*Sander lucioperca*). Бірінші партиясы 1963 ж. Алакөл көлінің, Көктүм ауылы аумағында, екіншісі – 1968 ж. Сасықкөл көлінің, Тентек өзенінің сағасына жіберілді. Ол 1970 ж. Алакөл көлінде, одан ары қарай Қошқарқөл мен Сасықкөл көлдерінде кәсіпке енді. 1980 ж. қоксеркені аулау 1,5 мың тоннага жетті. 80-шы жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында Алакөл мен Сасықкөл көлдерінде кәксеркенін дерматофібросаркома ауруына шалдырып, ауруға байланысты жаппай қырылуы мен кәсіптік аулау қарқынына байланысты қоры азая бастады. Қазіргі уақытта бұл балыққа да аулауға үақытша тиым салынды. Қордағы өндіруші бөліктің қалпына келіп, табиғи жағдайда өздігімен толығатын үйір қалыптасқанша, кәсіптік қысымды тоқтата тұру қажет.

Қарқынды кәсіптік игеру мен мекен ету ортасының өзгерісі, жерсіндірлген балықтармен бәсекелес бола алмаған балқаш қара-балығы, нәтижесінде 70-ші жылдардың басында-ақ кәсіптік маңызы жоғалды. Ал балқаш алабұғасы қазіргі таңға дейін кәсіптік маңызы бар түр ретінде Алакөл көлінде сақталуда.

1968–1988 жж. жерсіндірлген ақ амур (*Ctenopharyngodon idella*) мен ақ дөнмаңдай (*Hypophthalmichthys molitrix*) аз мөлшерде енгізу барысынан, сонымен қатар, өздігінен көбейетін үйірдің қалыптасуына жағдайдың болмауынан, кәсіптік саны өспеді. Екі түр де пелагофилді, уылдырықтарын ірі, аумакты ұзындықтағы өзендерде шашады. Алакөл көлдер жүйесінде мұндай өзендер болмағандықтан, санын көбейте алмады. Аулауда олар ете сирек, және жекелеп қана кездеседі.

Сонымен қатар, бұдан да басқа мысалдарды айта кетуге болады. Әр уақытта жерсіндірлген мөнке мен тыран балықтары сәтті жерсініп, сандары жағынан алдыңғы орынға шығып, кәсіптегі ең көп таралған түрлердің бірі болды. Бұқтырма су қоймасынан жерсіндірлген тыран балығы жақсы экстерьерлі көрсеткіштерімен Алакөл көлдеріне әкелініп жерсіндіріліп, Алакөл көлінің кәсіптік аудандарында (солтүстік, батыс) қоректік кордың жетіспеушілігінен тұтынуышылардың сұранысына ие болмайтын ергежейлі түрге айналуда.

Бозша мөнке (*Carassius gibelio*) Алакөл көлдер жүйесіне ресми мәліметтер бойынша Бұқтырма су қоймасынан 1973 ж. әкелініп жерсіндірлген. Бірақ, бұдан ерте уақытта келіп енү болжамын жоққа шығармаған да жөн. 1975 ж. Сасықкөл көлінде мөнке балығының жекелеп аулануы басталды. 1977 ж. аулау нысаны ретінде Қошқаркөлде де кездесе бастады. Одан ары қарай мөнке жүйедегі барлық көлдерде, өзендердің сағасынан бастап тулы аумағына дейінгі барлық жерлерге таралды.

1976 ж. Тентек пен Еміл өзендеріне миқиж (*Oncorhynchus mykiss*) балығының шабактарын 3,5-4,0 мың данасын жіберді. Бірақ, бұл жерсіндіру жұмыстары да ешқандай нәтиже бермеді, сәтсіз жерсіндірлген жұмыстардың бірі болып қала берді.

Тыран (*Abramis brama*) балығын жерсіндіру туралы алғашқы рет 60-шы жылдары А.С. Стрельников сөз қозғаган еді. Алакөл көлдер жүйесіне 1987 ж. тыран балығын жерсіндіруіне бірінші себеп – сазан санының қысқаруы. Екінші себеп – балқаш алабұғасының аулаудағы санының қысқаруы (Сасықкөл мен Қошқаркөлдегі алабұғаны көксеркенің жоюына байланысты, 1985 ж. алабұғаны тек Алакөл көлінде ғана аулаған еді.) Ұшіншіден көксерке балығының аулаудағы тұрақсыздығы. Осыған байланысты ол кезде Алакөл көлдерінде балық өндірісі тұрақты қорсыз еді [12].

Осы жағдайдан шығудың жолы, кәсіптегі тұрақтылықты қебеюде аса көп жағдайды керек етпейтін, тек тыран ғана сақтайды деген тоқтамға келді. Қазіргі кезде тыран көлдердің барлық жерлеріне таралған, тек тұщы аумағы ғана емес, Алакөл көлінің тұзды бөлігінде де кездеседі. Тыранды Алакөлге жерсіндірген уақытта, жерсіндірудегі жағымсыз тәжірибелерді ескерілмеген. Қазіргі уақытта тыран балығы сазанның уылдырық шашу орны мен қоректік қорына бәсекелестік танытып, сазан қорының қалпына келуіне кедергісін тигізуде.

1993–2001 жж. жоғарыда келтірілген түрлерден басқа, тағы да жоспарланбай жерсіндірлген 5 түр – торта (*Rutilus rutilus*), амур шабағы (*Rhinogobius similis*), медака (*Oryzias latipes*), элеотрис (*Micropercops cinctus*), өзен абботтинасы (*Abbottina rivularis*), қырлы құрсақ (*Hemiculter leucisculus*) [7].

Торта (*Rutilus rutilus*) балығы су алабына кездейсік, тыранмен бірге түсіу ықтимал. 1993 ж. алғашқы рет Ұялы өзенінің орта ағысында кездескен. Қысқа уақыт ішінде, бұл түр су алабындағы көлдерде (Қошқаркөл мен Сасықкөлде) таралды. Сонымен қатар, торта Үржар өзенінің төменгі ағысында да кездеседі [12].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді ескере отырып, жылдар бойғы зерттеу нәтижелері бойынша Алакөл көлдер жүйесінде қазіргі кездегі ихтиофаунасы 6 тұқымдаста жататын 24 түрлі балықтан тұрады, оның 9 түрі аборигенді және 15 түрі жерсінген (интродуциенттер) балықтар (3-кесте).

Аборигенді балықтардың өзара бір-бірімен қоректік бәсекелестік болмаған, бірақ, сазан балығы жерсіндірлген соң, олардың өзара қоректік қорға таласы басталды.

Көксерке балығын Алакөл көлдер жүйесіне жерсіндіру алабұға балығының саны кемуіне себебін тигізді, соның нәтижесінде 80 жж. ортасында Сасықкөл мен Қошқаркөлде кәсіптегі аулануы тыылды. Ол өзінің кәсіптік ауланудағы жоғарғы санын тек Алакөл көлінде ғана сақтап қалды. Бірақ, еуропалық нарықтағы көксеркенің жоғарғы бағада бағалануы оның ресми түрдегі және браконьерлік аулану қарыны жоғарылауына байланысты көксеркенің саны қысқарып, нәтижесінде алабұғаның пелагикалық популяциясының саны қалпына келуде. Сонымен қатар, алабұға балығына тыранның да қоректік қор мен уылдырық шашу орнына бәсекелестік тудырады. Тыран балығының көксеркеге қараганда Алакөлдің тұзды аудандарында да кездесіп, өзінің экологиялық төзімділігімен және санын ете жоғарғы денгейде сақтауымен, алабұға балығына айтарлықтай бәсекелестік тұғызады [12].

Кәсіптік түрде қазіргі уақытта 5 түрлі балық ауланады: тыран, торта, мөнке, алабұға және көксерке. Алтыншы түр – сазан, популяцияның өндіруші бөлігі қалпына келгенше аулауда ұсынылмаған. Алакөл көлдерінің абориген түрлерінің ішінен әлі бірде бір түр Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабына енген жоқ.

## 3-кесте – Алакөл көлдер жүйесі ихтиофаунасының түрлік құрамы

Түрдің атауы			
№	латынша	орысша	казақша
1	<i>Abbottina rivularis</i>	Амурский лжепескарь	Амур жалған май шабагы
2	<i>Abrams brama orientalis</i>	Лещ восточный	Шығыс тыран
3	<i>Carassius auratus</i>	Азиатско-европ. карась	Азия-европалық мөңке
4	<i>Carassius auratus auratus</i>	Карась китайский	Қытай мөңкесі
5	<i>Carassius auratus gibelio</i>	Серебряный карась	Күміс мөңке
6	<i>Ctenopharyngodon idella</i>	Белый амур	Ақ амур
7	<i>Cyprinus c. carpio</i>	Европейский сазан (карп)	Сазан, тұқы
8	<i>Diptichus dybowskii</i>	Голый осман	Қабыршақты көкбас
9	<i>Hemiculter leucisculus</i>	Востребрюшка	Қырлықұрсақ
10	<i>Hypophtalmichthys molitrix</i>	Белый толстолобик	Ақ дөнмаңдай
11	<i>Phoxinus phoxinu</i>	Обыкновенный гольян	Кәдімгі гольян
12	<i>Pseudorasbora parva</i>	Китайский чебачок	Қытай шабагы
13	<i>Rutilus rutilus</i>	Сибирская плотва	Сібір торта
14	<i>Schizothorax argentatus</i>	Балхашская маринка	Балқаш қара-балық
15	<i>Triplophysa labiata</i>	Одноцветный губач	Біргүсті талмабалық
16	<i>Triplophysa strauchi</i>	Пятнистый губач	Теңблі талмабалық
17	<i>Triplophysa dorsalis</i>	Серый голец	Сұр талмабалық
18	<i>Triplophysa stoliczkae</i>	Тибетский голец	Тибет талмабалығы
19	<i>Nemacheilus sewerzowi.</i>	Голец Северцова	Северцов талмабалығы
20	<i>Oryzias latipes</i>	Медака	Медака
21	<i>Perca schrenki</i>	Балхашский окунь	Балқаш алабұғасы
22	<i>Sander lucioperca</i>	Обыкновенный судак	Кәдімгі көксерке
23	<i>Micropercops cinctus</i>	Китайский элеотрис	Қытай элеотрисі
24	<i>Rhinogobius similis</i>	Амурский бычок	Амур бұзаубасы

Балықтар популяциясының құрылымы қайсы су алабын алып қарасақ та консервативті және баяу өзгергіш болып келді және оны тұрақты дамуының индикаторы деп есептеуге болады. 2010 жылғы су деңгейінің көтерілуі балықтардың көбейіп, өсіп-өнуіне және жайылымдардың ұлғайуына алып келді. Балық популяциялары су деңгейінің төмен болуынан қызын жағдайда болған еді. Соңғы жылдарды аулауда балықтар құрамының өсуі байқалады және аборигенді түрлердің де ихтиоценозы айтарлықтай көбейген. Қесіптік балық популяцияларының құрылымы тұрақталған, бірақ кейбір түрлерде кіші жастағы балықтар үлесі болмашы болсада көбірек. Бұл байқалып отырған индикатор Алакөл көлдерінде жуық арада балық аулау лимитінің өсуі мүмкін деген сөз.

Негізгі қесіптік ауланатын тыран қорының жағдайы ұзақ жылдар бойы қауіпсіз жағдайда болды. Тыранның ұзындықта өсу қарқындылығы барлық көлдерде төмендеген және ергежейлі түрлері көп. Бұл тыранды аулау көлдерде қарқынды жүріп жатпағанын көрсетеді.

Ал көксерке популяциясының жағдайы қындау. Қексеркенің популяция құрылымы су деңгейі төмен жылдары оны аулау лимиттен асып кеткендігін көрсетеді. Аулауда үлкен жастағы даражтар аз кездеседі және аулаудың негізгі үлесін 3-4 жастағы енді жыныстық жағынан пісіп жетілген даражтар құрайды. Барлық жағдайларды ескерер болсақ қексерке популяциясына қесіптік күш түсіп жатқанын байқауға болады және жуық арада бұндай жағдайды болдырмай, қесіптік аулану лимиттен аспауын қадағалау керек. Осылан байланысты үйірін сақтап және көбейту үшін қажетті шаралар ретінде 2015 жылға Алакөл көлдер жүйесінде лимит берілмей отыр.

Сазанның қоры біртіндеп көбейіп жатыр. 2015 жылға қесіптік қоры көп емес, сондықтан қалпына келе жатқан сазанның қесіп қорын жойып алмас үшін аулауға ұсыныс берілмейді.

Мөңке және торта сияқты балықтардың орташа ұзындық және салмақтық көрсеткіштері бір қалыпты және бұл аталған балықтардың сандық мөлшерінің артуына сазан сияқты кәсіптік құны жоғары балықтың қоректік және уылдырық шашу жерлеріне бәсекелес болатындықтан жол бермеу керек. Мұндай жағдайда мөңке және торта балықтарының кәсіптік аулануын күшейту керек, басқаша айтқанда популяцияның толығуынан кәсіптік аулануы жоғары болуы тиіс.

Абориген түр Балқаш алабұғасының пелагикалық формасының жағдайы, ягни популяциясының жастық қатары, өсу қарқындылығы және басқада биологиялық көрсеткіштері қалыпты жағдайда [13, 14].

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Филонец П.П. Очерки по географии внутренних вод Центрального, Южного и Восточного Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 186 с.
- [2] Никольский А.М. Об ихтиологической фауне Балхашского бассейна. Протокол заседания Зоологического отделения 24 января 1885 г. Тр. СПб. об-ва естествоиспытателей. 1885. – СПб. Т. XVI, вып. 1. – С. 18-21.
- [3] Берг Л.С. Рыбы Туркестана // Изв. Турк. Отд. Имп. Русск. геогр. об-ва. Т. IV. Научные результаты Аральской экспедиции, вып. II. – СПб., 1905. – 261 с.
- [4] Берг Л.С. Рыбы пресных вод СССР и сопредельных стран. 4-е изд. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1949. – Ч. 3. – С. 927-1382.
- [5] Основы рационального использования рыбных запасов Ала-Кульских озер: Отчет о НИР, Институт зоологии АН КазССР. – Алма-Ата, 1954. – 136 с.
- [6] Серов Н.П. Опыт разделения Балхашской ихтиологической провинции // Тр. конф. по рыбному хоз-ву республик Ср. Азии и Казахстана. – Фрунзе, 1961. – С. 201-211.
- [7] Биологические основы освоения рыбных ресурсов и воспроизводства запасов промысловых рыб в Алакольской системе озер: Отчет о НИР (заключительный этап). № ГР 70055681. КазНИИРХ. – Балхаш, 1970. – 222 с.
- [8] Сохранение и устойчивое использование генофонда редких и ценных видов и пород рыб. Раздел: Алакольская система озер: Отчет о НИР (промежуточный) / НПЦ РХ. – Алматы, 2002. – 55 с.
- [9] Сохранение и устойчивое использование генофонда редких и ценных видов и пород рыб. Раздел: Алакольская система озер (промежуточный): Отчет о НИР. НПЦ РХ. – Алматы, 2003. – 84 с.
- [10] Некрасевич Н.Г. К систематике и экологии сазана Алакульских озер // Тр. института ихтиологии и рыбного хозяйства. Т. 4. – Алма-Ата: АН КазССР, 1963. – С. 98-123.
- [11] Горюнова А.И., Серов Н.П. Акклиматизация рыб в Казахстане // Тр. Совещ. по проблеме акклиматизации рыб и кормовых беспозвоночных. – М.: АН ССР, 1954. – С. 109-113.
- [12] Амиргалиев Н.А., Тимирханов С.Р., Альпейсов Ш.А. Ихтиофауна и экология Алакольской системы озер: Монография. – Алматы: Бастав, 2006. – 368 с.
- [13] Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно-допустимых объемов изъятия рыбных ресурсов и других водных животных и выдача рекомендаций по режиму и регулированию рыболовства на водоемах международного, республиканского и местного значений Балхаш Алакольского бассейна / Отчет НИР ТОО «КазНИИРХ» 1-часть. – Алматы, 2013. – С. 140.
- [14] Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно-допустимых объемов изъятия рыбных ресурсов и других водных животных и выдача рекомендаций по режиму и регулированию рыболовства на водоемах международного, республиканского и местного значений Балхаш Алакольского бассейна / Отчет НИР ТОО «КазНИИРХ» – Алматы, 2014. – С. 164.

## REFERENCES

- [1] Filones P.P. Sketches on geography of internal waters of the central, southern and east Kazakhstan. Alma-Ata: Science, 1981, 186 p, (in Russ.).
- [2] Nikolsky A.M. About ichthyological fauna of the Balkhash pool. Minutes of zoological office, 1885, 18-21 p, (in Russ.).
- [3] Berg L.S. Fishes of Turkestan. Scientific results of the Aral expedition, V.II, 1905, 261 p, (in Russ.).
- [4] Berg L.S. Fishes of fresh waters of the USSR and adjacent countries, M-L: Publishing houses of Academy of Sciences of the USSR, 1949, 927-1382 p, (in Russ.).
- [5] Bases of rational use of fish stocks of Alakolsky lakes. Report on NIR, institute of zoology of AN KAZSSR, Alma-Ata, 1954, 136 p, (in Russ.).
- [6] Serov N.P. Experience of division of the Balkhash ichthyological province. Works of conference on fishery of the republics average of Asia and Kazakhstan, Frunze, 1961, 201-211 p, (in Russ.).
- [7] Biological bases of development of fish resources and reproduction of stocks of food fishes in Alakolsky system of lakes. Report on NIR № GR 70055681. KazNIIRH Balkhash, 1970, 222 p, (in Russ.).
- [8] Preservation and steady use of a gene pool of rare and valuable species and breeds of fishes. Razdel: Alakolsky system of lakes: Report on NIR (intermediate) NPS RH Almaty, 2002, 55 p, (in Russ.).
- [9] Preservation and steady use of a gene pool of rare and valuable species and breeds of fishes. Razdel: Alakolsky system of lakes: Report on NIR (intermediate) NPS RH Almaty, 2003, 84 p, (in Russ.).
- [10] Nekrashevich N.G. To systematization and ecology of a sazan of Alakolsky lakes. Works of institute of ichthyology and fish economy. Volume 4. Alma-Ata AN KAZSSR, 1963, 98-123 p, (in Russ.).

- [11] Goryunova A.I., Serov N.P. Acclimatization of fishes in Kazakhstan. *Works meeting on a problem of acclimatization of fishes and fodder invertebrates M: AN SSR*, 1954, 109-113 p. (in Russ.).
- [12] Amirgaliyev N.A., Timirkhanov S.R., Alpeyssov Sh.A. Fish fauna and ecology of Alakolsky system of lakes. *Monograph, Almaty, Bastau*, 2006, 368 p, (in Russ.).
- [13] Definition of a ryboproduktivnost of fishery reservoirs and/or their sites, development of biological justifications extremely - admissible volumes of withdrawal of fish resources and other water animals and issue of recommendations about the mode and regulation of fishery on reservoirs of the international, republican and local values Balkhash Alakolsky basseyna. *Report of NIR KAZNIIRKH LLP of Almaty*, 2013, 140 p, (in Russ.).
- [14] Definition of a ryboproduktivnost of fishery reservoirs and/or their sites, development of biological justifications extremely - admissible volumes of withdrawal of fish resources and other water animals and issue of recommendations about the mode and regulation of fishery on reservoirs of the international, republican and local values Balkhash Alakolsky basseyna. *Report of NIR KAZNIIRKH LLP of Almaty*, 2014, 164 p, (in Russ.).

## **К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ ИХТИОФАУНЫ АЛАКОЛЬСКОЙ СИСТЕМЫ ОЗЕР**

**А. М. Елшибекова, Е. К. Данько, Д. К. Жаркенов**

ТОО «Казахский научно-исследовательский институт рыбного хозяйства», Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** абориген, ихтиофауна, акклиматизация, популяция, промысел.

**Аннотация.** Приведена характеристика ихтиофауны озер Алакольской системы, проанализированы закономерности изменения показателей рыб и их ареалы в результате воздействия антропогенных факторов: промысла и акклиматационных работ.

*Поступила 20.05.2015 г.*